



НАУРЫЗДА ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАР ҚАНША КҮН ДЕМАЛАДЫ?

2



ҚОЛМЕН ӨРІЛГЕН СҰЛУЛЫҚ

3

№9-10 (750). 6 наурыз, 2026 жыл

Өзгені сынағанша, өзінді түзет!

ҚЫЗМЕТ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ АПТАЛЫҚ ГАЗЕТ

www.kyzmet-gazeti.kz

Газет 2009 жылдың 19 маусымынан шыға бастады

15 НАУРЫЗ
РЕФЕРЕНДУМ

ЖАҢА КОНСТИТУЦИЯ: АДАМ ҚАДІРІ МЕН ЦИФРЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІК

Қазіргі таңда адамзат дамудың жаңа кезеңіне – цифрлық және жасанды интеллект дәуіріне қадам басты. Технологиялық прогресс қоғам өмірінің барлық саласын түбегейлі өзгертіп, мемлекет пен азамат арасындағы қарым-қатынасты жаңа деңгейге көтерді. Осындай тарихи сәтте ұсынылып отырған Жаңа Конституция жобасы – уақыт талабына берілген стратегиялық жауап.

АДАМ ҚАДІРІ – КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫҢ ӨЗЕГІ

Конституцияның басты миссиясы – адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғау. Жаңа жоба адам қадірін негізгі құндылық ретінде айқындай отырып, тұлғаның еркіндігіне, теңдігіне және жеке өміріне қол сұқпаушылық қағидаттарына ерекше мән береді.

Бүгінгі күні адамның беделі мен абыройы тек физикалық кеңістікте ғана емес, цифрлық ортада да қорғалуы тиіс. Сондықтан жаңа құжат адамның ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз етуді де конституциялық деңгейге көтеруді көздейді.

ЦИФРЛЫҚ ҚҰҚЫҚТАР – ЖАҢА ТАРИХИ ҚАДАМ

Қазіргі цифрлық дәуірде интернет, үлкен деректер, әлеуметтік желілер мен жасанды интеллект азаматтардың күнделікті өмірінің бір бөлігіне айналды. Алайда бұл мүмкіндіктермен қатар қауіптер де артып келеді:

- дербес деректердің заңсыз таралуы;
- кибершабуылдар;
- онлайн алаяқтық;
- жалған ақпарат.

Осы сын-қатерлерді ескере отырып, жаңа Конституция:

- жеке деректерді қорғау кепілдіктерін күшейтуді;
- киберқауіпсіздік саласының құқықтық негізін нақтылауды;
- азаматтардың цифрлық сауаттылығын арттыруды мемлекеттік саясат деңгейіне шығаруды ұсынады.

ҒЫЛЫМ, БІЛІМ ЖӘНЕ АДАМИ КАПИТАЛ

Жоба аясында ғылыми ұйымдардың мәртебесіне ерекше көңіл бөлінуі – қоғамның зияткерлік әлеуетін арттыруға бағытталған қадам.

Ал, адами капиталды дамыту – мемлекеттің ұзақмерзімді тұрақтылығының негізі. Білім мен ғылымға басымдық беру арқылы елдің инновациялық дамуына жол ашылады.

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ЖӘНЕ АДАМ ҚҰҚЫҒЫ

Жасанды интеллект шешім қабылдау үдерістеріне белсенді араласуда. Осыған байланысты:

- алгоритмдердің әділдігі;
- ашықтық;
- кемсітушілікке жол бермеу;
- автоматтандырылған шешімдерге шағымдану құқығы
- конституциялық деңгейде назар аударуды қажет етеді.

Адам мен технология арасындағы тепе-теңдік сақталған жағдайда ғана қоғам тұрақты әрі әділетті бола алады.

Жаңа Конституция – тек құқықтық құжат емес, болашақтың стратегиялық моделі. Ол адам қадірін қорғауды басты орынға қойып, цифрлық қауіпсіздікті қамтамасыз ететін берік негіз қалыптастыруды көздейді.



8 Наурыз –

нәзіктік пен мейірім мерекесі

Көктемнің шуақты лебімен бірге келетін 8 Наурыз – Халықаралық әйелдер күні – барша аналар мен арулардың мерейін асқақтататын ерекше мейрам. Бұл күн – тіршіліктің тірегі болған аналарға тағзым етіп, қыз-келіншектердің қоғамдағы, отбасыдағы орнына құрмет білдіретін айрықша сәт.

Әйел – өмірдің шуағы, отбасының берекесі, ұлтың ұйытқысы. Ана мейірімі әлемді жылытса, қыз-келіншектердің ақыл-парасаты мен қайрат-жігері қоғамның өркендеуіне жол ашады. Қай салада болмасын табандылық танытып, биік белестерді бағындырып жүрген арулар – қоғамның қозғаушы күші. Осы көктем мерекесінде «Қызмет» газетінің ұжымы барша қыз-келіншектерге зор денсаулық, отбасыларына амандық, өңбектеріне табыс, жүректеріне шаттық тілейді. Әр шаңырақта шаттық пен береке орнап, жүздеріңізден күлкі кетпесін! Мереке құтты болсын, арулар, аналар!

« ҚЫЗМЕТ » ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛУ ЖҮРІП ЖАТЫР. ИНДЕКС: 64295



«ҚАДІРІН ЖЕҢГЕ БІЛМЕСЕ, БОЙЖЕТКЕН ҚЫЗ ҒАРИП...»

6

СІМ жауап берді

ҚАЗАҚСТАН ИРАНДЫҚ БОСҚЫНДАРДЫ ҚАБЫЛДАУҒА ДАЙЫН БА?

Осы аптада өткен үкімет брифингінде Ираннан келетін босқындар мәселесі көтерілді. Журналистер Сыртқы істер вице-министрі Әлібек Бақаевке «Қазақстан Иран азаматтарын қабылдауға дайын ба?» деген сауал қойды.



Вице-министрдің айтуынша, қазіргі таңда Иранда немесе Таяу Шығыстың өзге елдерінде тұрып жатқан этникалық казактардан Қазақстанға көшу туралы ресми өтініш түспеген.

— Ең алдымен, Иран Ислам Республикасы азаматтарына қатысты мәселені ескеру қажет. Біз өзге мемлекеттердің ішкі ісіне араласпау саясатын ұстанамыз. Теориялық тұрғыда айтсақ, егер азаматтар жүгінсе, мәселе олардың этникалық тегіне емес, азаматтығына байланысты қаралады, — деді Әлібек Бақаев.

Журналистер «мұндай азаматтарға босқын мәртебесі беріле ме?» деген сұрақ та қойды. Шенеунік бұл шешім қолданыстағы халықаралық және ұлттық хаттамалар талаптарына сәйкес қаралатынын, барлық рәсім заң аясында жүргізілетінін айтты.

Сондай-ақ «Қазақстан үлкен босқындар легін қабылдауға дайын ба?» деген сауалға жауап берген вице-министр мемлекетте тиісті механизмдер бар екенін атап өтті.

— Әрине, мұндай хаттамалар бар. Мемлекеттік органдар өз құзыреті шеңберінде қандай жұмыс жүргізу керектігін біледі. Бірақ тағы да қайталап айтамын, қазіргі уақытта мұндай өтініш түскен жоқ, ондай дабыл жоқ. Мәселе біздің бақылауымызда, — деді ол.

Айта кетейік, Қазақстан мен Иран Каспий теңізі арқылы шектеседі. Алайда екі ел арасында ортақ құрлық шекарасы жоқ. Қатынас теңіз порттары және Түркіменстан арқылы өтетін теміржол бағыттары арқылы жүзеге асырылады.

Үлгілі мекен

БЕС ЖЫЛ ТҰРАҚТЫЛЫҚ: ҚЫЛМЫССЫЗ ӨМІР СҮРІП ЖАТҚАН АУЫЛ

Түркістан облысы Сауран ауданында орналасқан Серт ауылында соңғы 5 жыл бойы тұрақты әрі тыныш ахуал сақталып келеді. Осы уақыт аралығында ауылда бірде-бір қылмыс тіркелмеген. Бұл тұрғындардың ауызбіршілігі, өзара құрметі және жоғары азаматтық жауапкершілігінің нәтижесі. Ауылда 900-ге жуық адам тұрады. Мұнда құқық бұзушылықтың алдын алу, отбасы құндылықтарын нығайту және жас ұрпақты тәрбиелеу мәселесіне ерекше көңіл бөлінеді.

Учаскелік полиция инспекторы тұрғындар-

Ираннан босқындар легі Армения мен Түрікменстанға бағытталуы мүмкін – сарапшы

Иранда басталған әскери қақтығыс аймақ елдеріне жана қауіптер төндіруі ықтимал. Мұндай пікірді ТАСС агенттігіне Арменияның ТМД-ның Терроризмге қарсы орталығындағы бұрынғы уәкілетті өкілі, армян арнайы қызметінің отставкадағы полковнигі Геворг Минасян білдірді.

Оның айтуынша, оқиғалардың осылай өрбуі, ең алдымен, босқындар ағынына әкелуі мүмкін. Әсіресе, Иранмен шекаралас Армения мен Түрікменстан алғашқы кезеңде босқындарды қабылдайтын негізгі бағыттарға айналуы ықтимал.

— Бұл әскери оқиғалар аймақ елдеріне, ең алдымен ТМД мемлекеттеріне қандай қауіп төндіруі мүмкін? Меніңше, бірінші кезеңде Ираннан босқындар легі Арменияға қарай ағылуы ықтимал. Ал Әзербайжанда COVID пандемиясынан бері құрлықтағы шекаралар жабық болғандықтан, шекараны бұзып өту әрекеттері де жоққа шығарылмайды. Дәл осындай жағдай Түрікменстан шекарасында да байқалуы мүмкін. Бұл өз кезегінде аталған елдерде гуманитарлық мәселелердің туындауына әкеледі, — деді Геворг Минасян.

Сарапшының пікірінше, мұндай сценарий жүзеге асқан жағдайда ТМД елдерінің төтенше жағдайлар қызметтері өзара үйлесімді әрекет етуі тиіс. Сонымен қатар босқындарды қабылдау, орналастыру және тексеру үшін жедел штабтар құрылып, бұл іске арнайы қызметтер мен санитарлық-эпидемиологиялық орталықтар белсенді түрде тартылуы қажет.

Еске сала кетейік, АҚШ пен Израиль Иранға қарсы әскери операция бастағаны хабарланды. Соққылар Иранның ірі қалаларына, соның ішінде Тегеранға жасалған. Ақ үй бұл әрекетті Иран тарапынан төнген зымырандық және ядролық қауіпмен байланыстырды.

Өз кезегінде Иранның Ислам революциясы сақшылары корпусы ауқымды жауап операциясы басталғанын мәлімдеді. Иран тарапынан зымырандар мен ұшқышсыз аппараттар ұшырылғаны айтылып, Тель-Авив маңында әуе дабылы сиренасы қосылған. Mehr агенттігінің мәліметінше, сондай-ақ Бахрейн, Катар, Кувейт және Біріккен Араб Әмірліктеріндегі АҚШ әскери базасына да соққы жасалған.

Түркістан облысы ПД баспасөз қызметі

мен тығыз байланыста жұмыс істеп, тұрақты түрде профилактикалық іс-шаралар өткізеді. Ашық диалог пен сенім қоғамдық тәртіптің сақталуына негіз болып отыр. Серт тұрғындары еңбекке, спортқа, ұлттық дәстүрлерді дәріптеуге басымдық береді. Жастар үлкендерден өнеге алып, сыйластық пен жауапкершілікке негізделген ортада өсіп келеді. Ішпідіктен бас тартқан Серт ауылы бірлік пен ортақ жауапкершілік қауіпсіз әрі берекелі қоғам қалыптастыра алатынын дәлелдеді.

Түркістан облысы ПД баспасөз қызметі



НАУРЫЗДА ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАР ҚАНША КҮН ДЕМАЛАДЫ?

Көктемнің алғашқы айы қазақстандықтарды ұзақ демалыс күтеді. 2026 жылғы наурызда Халықаралық әйелдер күні мен Наурыз мейрамына орай айдың жартысына жуық уақыты демалыспен өтеді. Өйткені, Наурызда елде екі мемлекеттік мереке бар. Олар: Халықаралық әйелдер күні (8 наурыз) және Наурыз мейрамы (21-23 наурыз). Демалыс күндерінің ауысуына байланысты қосымша демалыс күндері де болады.

2026 жылы наурыз жұмыс күндерінің саны бойынша ең "қысқа" айлардың бірі болады:

- аптасына бес күн жұмыс істейтіндер үшін: 13 демалыс күні және 18 жұмыс күні;
- аптасына алты күн жұмыс істейтіндер үшін: 9 демалыс күні және 22 жұмыс күні.

8 наурызда қалай демаламыз?

2026 жылы Халықаралық әйелдер күні жексенбіге, 8 наурызға сәйкес келеді. Демалыс күндерін ауыстыру қағидаларына сәйкес, 9 наурыз, дүйсенбі де демалыс күні болады. Ұзақ демалыстан кейінгі алғашқы жұмыс күні - 10 наурыз, сейсенбі.

8 наурыздағы демалыс кестесі:
- аптасына бес күн жұмыс істейтіндер үшін: 7, 8 және 9 наурыз — қатарынан үш

демалыс күні, 10 наурыз — жұмыс күні;
- аптасына алты күн жұмыс істейтіндер үшін: 7 наурыз — жұмыс күні, 8 және 9 наурыз — демалыс күндері, 10 наурыз — жұмыс күні.

Наурыз мейрамында қалай демаламыз?

Наурыз мейрамы дәстүрлі түрде 21-23 наурыз аралығында атап өтеледі. 2026 жылы бұл күндер: 21 наурыз — сенбі, 22 наурыз — жексенбі, 23 наурыз — дүйсенбі. Мереке күндердің бір бөлігі демалыс күндеріне сәйкес келгендіктен, қосымша демалыс күндері 24 және 25 наурызға ауыстырылады.

Наурыз мерекесіндегі демалыс кестесі:
- аптасына бес күн жұмыс істейтіндер үшін: 21-25 наурыз — бес күн қатарынан демалыс (сенбі, сәрсенбі);
- аптасына алты күн жұмыс істейтіндер үшін: 21, 22, 23 және 24 наурыз — демалыс күндері, 25 наурыз — жұмыс күні.
Наурызда Қазақстанда кәсіби және атаулы күндер де атап өтеледі:
- 1 наурыз — Алғыс айту күні;
- 14 наурыз (наурыздың екінші сенбісі) — Жерге орналастыру, геодезия және картография күні.

ЕМХАНАЛАРДАҒЫ ПЕДИАТРИЯЛЫҚ УЧАСКЕЛЕР ЖАБЫЛЫП ЖАТЫР

Қазақстанда 2026 жылдың аяғына дейін емханаларда әлі де жұмыс істеп тұрған педиатриялық учаскелерді қысқарту жоспарланып отыр. Балалар ата-анасымен бірге отбасылық дәрігерге тіркелетін болады, - деп хабарлайды Tengrinews.kz тілшісі.

«2027 жылға қарай ел бойынша әлі жұмыс істеп тұрған педиатриялық және терапевтік учаскелердегі пациенттерді жалпы практика дәрігерлеріне (ЖПД) көшіру туралы тапсырма бар», - деп түсіндірді Денсаулық сақтау министрлігінің Салидат Қайырбекова атындағы Ұлттық денсаулық сақтауды дамыту ғылыми орталығы жанындағы БМСК орталығының жетекшісі Әсел Хасенова. Бұл жұмыс қазірдің өзінде жүріп жатыр. Педиатриялық учаскелер біртіндеп қысқартылып жатыр. 2024 жылы Қазақстанда олардың саны 1770 болса, қазір - 1421.

Бұл шешімнің мәнін спикер былай тү-

сіндірді: "Біз 15 жылдан аса уақыт бойы алғашқы медициналық-санитарлық көмек жүйесі дәл жалпы практика дәрігері жүзеге асыратын отбасылық тәсілге негізделуі керек деп айтып келеміз. Балалар ата-анасынан бөлек өспейді. Балаға әсер ететін барлық қауіп факторлары ең алдымен оның ортасына байланысты", - деді ол.

Әсел Хасенова балалар көмексіз қалмайтынын айтты. Барлық емханада ерте даму және араласу орталықтары немесе кабинеттері жұмыс істейді, педиатриялық учаскелер таратылғаннан кейін де балалар дәрігерлері сол жерде қабылдауын жалғастырады. "Учаскеде педиатр кішкентай пациенттерді қабылдаумен қатар, есептілік пен құжаттарды толтырады, бұл күнделікті жұмыс уақытты алады. Қазір дәрігерлерді осы жүктемеден босатып, олардың толықтай балалармен жұмыс істеуіне мүмкіндік беріп отырмыз", - деді сарапшы.

Хасенованың айтуынша, жаңадан келген балалар қазірдің өзінде педиатриялық учаскелерге емес, ата-анасы немесе заңды өкілі тіркелген жалпы практика дәрігеріне ғана бекітіледі. Егер баланың жағдайына байланысты қандай да бір мәселені балалар дәрігері бағалауы керек деп есептесе, баланы педиатрға жолдайды.

РӨЛДЕ ТЕЛЕФОН ПАЙДАЛАНҒАНДАРҒА АЙЫППҰЛ КЕЛУІ МҮМКІН

Астана, NEGE. ІІМ өкілдері қандай жаңалық енгізілгенін түсіндіріп берді. Бұған дейін рөлде отырып телефон пайдалану, қауіпсіздік белдігін тақпау сияқты құқықбұзушылықтарды полиция қызметкерлері анықтап келсе, енді мұндай заңбұзушылықтар заманауи техникалық құралдар арқылы тіркелмек.

Заңнамада құқық бұзушылықтарды тіркеудің үш тәсілі көзделген:

— қолданыстағы бейнекамералар;
— автоматты тіркеу жүйелері — рөлде телефон пайдалану немесе белдікті тақпау сияқты арнайы өлшеуді қажет етпейтін өзге де бұзушылықтарды анықтайды;
— әкімшілік құқық бұзушылықтың бірыңғай тізілімі жүйе-

сімен біріктірілген мемлекеттік деректер базаларын пайдалану. Бұл құжаттарға қатысты бұзушылықтарды автоматты түрде анықтауға мүмкіндік береді, яғни техникалық байқаудың мерзімінің өтуі, сақтандыру полисінің болмауы, қаруды сақтауға берілген рұқсат мерзімінің аяқталуы және басқа да жағдайлар.

Полицейлердің нақтылауынша, бұрын автоматты режимде жылдамдықты арттыру, бағдаршамның тыйым салынған белгісіне өту, жол белгілері мен таңбаларының талаптарын сақтамау, тоқтау және тұру қағидаларын бұзу, озу және жолдың жүру бөліктерінде орналасу қағидаларын бұзу, жаяу жүргіншілерге жол бермеу сияқты алты түрлі құқықбұзушылық тіркеліп келген. Қалған құқық бұзушылықтар тек полиция қызметкерінің қатысуымен анықталған.

«Сонымен қатар заңнамада ескерту қарастырылған құқықбұзушылықтар бойынша жүйе автоматты түрде ескерту шыға-

ра алады. Бұрын жолда кептеліс тудыру, сыртқы жарық құралдарын дұрыс пайдаланбау және басқа да жолда жүру қағидаларын бұзу жағдайлары үшін полиция қызметкерінің қатысуы және істі қолмен рәсімдеу қажет болатын», — дейді ІІМ өкілдері.

Бұл ретте ведомство өкілдері «автоматты камералар жаяу жүргіншілерді жауапкершілікке тартады» деген ақпарат шындыққа сәйкес келмейтінін атап өтті. «Бұл жүйелер тек көлік жүргізушілері тарапынан жасалған жолда жүру қағидаларын бұзуды анықтауға арналған. Жалпы алғанда, енгізілген өзгерістер қоғамдық және жол қауіпсіздігін арттыруға, құқық бұзушылықтардың алдын алуға және ауыр зардаптар қаупін төмендетуге бағытталған».

ІІМ мәліметінше, заңнамадағы өзгеріс қауіпті мінез-құлықты дер кезінде анықтауға және тұрғындардың өмірі мен денсаулығына төнетін қатердің алдын алуға мүмкіндік береді.

ШЕБЕР ӘЙЕЛДЕР ӘЛЕМІ

3

ҚОЛМЕН ӨРІЛГЕН СҰЛУЛЫҚ

Қолөнер – халықтың рухани байлығы, ұлттық мәдениеттің айнасы. Қол еңбегі арқылы жасалған бұйымдар тек сәндік бұйым ғана емес, оның адамға берері мол. Бір жағы бәріміз смартфонға, техникаға көп тәуелді болып кеткен қазіргі заманда қолөнермен айналысу ұмытылып бара жатқан дәстүрді сақтап, болашақ ұрпаққа жеткізудің жолы болса, екінші жағынан бұл іс адамның ішкі дүниесін байытады.

«Алжымау үшін де қол өнері қажет» дейді шеберлердің өзі. Себебі бұл іс кезінде ой, сана, көңіл-күй, жан мен тән түгелдей жұмыс істейді. Адам қолмен жұмыс істеп отырған кезде жан тыныштығында болады, алаңдаушылық азайып, стресстен арылуға мүмкіндік туады. Қолөнер ойлау жүйесін көркемдікке бөліп, шығармашылық қабілетті дамытады. Сонымен қатар, шеберлікпен істелген әрбір әрекет мінезді қалыптастырады, сабырлыққа, табандылыққа және жауапкершілікке үйретеді. Уақыт өте келе бұл қасиеттер өмірлік ұстанымға айналып, адамның күнделікті тұрмысын, қарым-қатынасын және шешім қабылдау қабілетін жақсартады.

«ҚҰРАҚ ҚҰРАП ОТЫРЫП, АДАМ ЖАН РАХАТЫН СЕЗІНЕДІ...»

8 Наурыз мерекесі қарсаңында біз қазақтың қолөнерші келіншектерімен шағын сұхбат ұйымдастырған едік. Олар – ұлттық өнерді дәріптеп, шебер қолдары арқылы қоғамға үлес қосып жүрген аналар. Солардың қатарында шымкенттік Ақмарал Ахметова да бар. Ақмарал – «Күміс алқа» иегері. Бүгінде ол бала тәрбиесі мен қазақтың қолөнерін де қатар алып жүр. Қыз жасауын дайындап, құрақ құрау өнерін жандандырып жүрген шебер ана үшін бұл – жай ғана кәсіп емес, ұрпаққа үлгі болатын өнегелі іс.

– Ақмарал ханым, құрақ құрауды алғаш қашан және қалай үйрендіңіз?

– Кез келген өнер әкенің қанымен, анаңның сүтімен дариды. Маған әкемнен әншілік, анамнан осы құрақ өнері дарыпты. Алғашқы құрағымды анамның үйретуімен мектеп қабырғасында құрадым. Студент кезімде де қаникулға келгенімде «Ертең осыларды артыңнан апарамыз» деп анам барлық жасауды өзіме тіктіріп қоятын. Содан бері 15 жыл өтті, осы өнерден қол үзген емеспіз.

– Сіздіңше, құрақ деген не? Бұл өнердің қандай мән-мағынасы бар?

– Құрақ өнері – ежелден келе жатқан, әжелеріміздің кейінгі ұрпаққа аманаттап кеткен ұлттық қолөнерінің бір түрі. Десе де құрақ тек қазақ халқында ғана бар дүние емес, онда әр елдің, әр ұлттың өзіндік қолтаңбасы бар. Шеберлер әрбір құрақты сөйлете білген. Аналарымыз құрақ құрақ отырып, ұзатылған қызына, жас отбасыға ақ тілегін арнап, батасын берген. Әрбір құрақты «Бастары бірігіп, құрақтай құралып, өсіп-өнсе» деген ниетпен тіккен.

Бір мысал айтайыншы. Ертеде ұзатылып бара жатқан қызына анасы: «Қызым, осы жастық сенің сырласың да, мұңдасың да болсын», – деп жастық тігіп беріпті. «Келер жылы осы жастықты өзіңмен бірге ала келерсің», – депті. Қыз төркінге келгенде анасы жастықтың ішін ашып қараса, жастықтың ішіндегі мамығы ұйпаланып, базданып кетіпті. Оны көрген анасы қызының барған жеріне әлі үйренісе алмай жүргенін түсінген.

Анасы жастықтың ішін жаңартып, қызына қайта беріп жібереді. Қызы келер жылы жастықты тағы да өзімен бірге ала келіпті. Жастықтың ішін қараған анасы оның мақта-сының тап-таза екенін көріп, перзентінің барған жұртына сіңісіп кеткенін ұға қояды. Бұл нені білдіреді? Бұл қазақ аналарының ақылдылығын ғана емес, тігін өнерінің де өз тілі бар екенін аңғартады.

– Құрақтың қандай түрлері бар? Өзіңіз қандай құрақ түрін қолданасыз?

– Құрақтың түрлері өте көп. Атап айтар болсақ, ши құрақ, балта құрақ, жұлдыз құ-



рақ, қиық құрақ, шаршы құрақ деп кете береді. Әр өрнектің өз мән-мағынасы болады. Мысалы, балта құрақ «ел-мен жерді қорғап тұрар айбалта болсын» дегенді білдірсе, жұлдыз құрақ «жұлдызың жарқырасын, жүзің ашық болсын» деген түсінік береді. Мен өзім ши құрақты жиі қолданамын. Ши құрақпен оюдың атасы – қошқар мүйізді де тігуге болады. Қошқар мүйіз – денсаулықтың, байлықтың символы. Ол «Төрт құбыласы тең, төрт түлігі сай болсын» деген мағынаны білдіреді. Айта берсек құрақтың түрлері де көп, сәйкесінше әрбірінің мән-мағынасы да алуан түрлі.

– Бұл өнердің адамға қандай пайдасы бар?

– Пайдасы орасан. Әсіресе, жас қыздарды, егер оларды жастайынан баулыса, бұл өнер ұқыптылыққа, сабырлыққа, дәлдікке үйретеді. Құрақ құрап отырып, адам жан рахатын сезінеді. Мұның өзі денсаулыққа өте пайдалы. Қазақ мұны «Жаны саудың тәні сау» деп түсіндіреді.

– Қазір жастар құрақ өнеріне қызыға ма? Қаншалықты қызығады?

– Әрине, қызығатындар өте көп. Оның бір дәлелі – елімізде жыл сайын өтетін «Аламан» құрақ жобасы. Сол жобаға Қазақстанның төрт бұрышынан шеберлер қатысады. Жас мөлшері ең үлкені 90 жастағы қария болса, ең кішісі 7 жастар қыз бала. Бұл жобаның авторы – алматылық этнодизайнер, құрақ өнерінің маманы Нұргүл Абайхан. Жобаның миссиясы, алған қойған мақсаты – қазақтың ши құрақ өнерін әлемдік деңгейге шығару, төрткүл дүниеге паш етіп, ұрпаққа аманаттау. Жоба ең алғаш рет 2023 жылы Астана қаласында рәміздер күніне орай өткен болатын. Ол жылы жобаға 17 облыстан 250 құрақшы қатысып, Гиннестің рекордтар кітабына енді. 2024 жылы бұл жоба Астана қаласында бесінші Дүниежүзілік көшпенділер ойыны аясында өтті. Ол жылы 450 құрақ көрпеше бір қолдан шыққандай етіп тігіліп, жалпы көлемі 11200 шаршы метрді құрады. Ені 40 метр, ұзындығы 250 метрге жетті. Бұл жылы Гиннестің рекордтық көрсеткішін қайта жаңартты. Ал 2025 жылы Алматының мұз айдынында ұйымдастырылған жобаға 660 құрақшы қатысып, әлемдік рекордтар кітабына енді. Осы жылы Түркістан облысы мен Шымкент қаласынан 101 шебер қатысып, біздің өңірден ең көп шебер барды. Соның нәтижесінде алдыңғы сапта тұрып, мақтанышпен, абыроймен елге қайттық.

Енді биыл аталған жоба 15 мамырда Өскемен қаласында төртінші рет өткізіліп отыр. Жоба жыл өткен сайын жоғары деңгейде ұйымдастырылып келеді. Биылғы ерекшелігі – жобаны ЮНЕСКО мен «National Geographic (Нейшл Географик)» медиабрендті қолдап отыр. Бір сөзбен айтқанда әлем көз тігіп отыр. Биылғы Өскеменде өтетін жобада рекордтық көрсеткіштерді қайта жаңартып, алтын орден алуға үміттеніп отырмыз.

– Мерекеге орай, қыз-келіншектерге айттарыңыз бар ма?

– Мен осы жобада Түркістан облысы мен Шымкент қаласы шеберлерінің көшбасшысымын. Алғаға шүкір, «Аламан» құрақ жобасына қатысып, әлемдік сертификаттарға, түрлі Алғыс хаттарға ие болып жатырмыз. Осы сәтті пайдалана отырып, мен өзге де қыз-келіншектерді аталған рухани жобаға шақырғым келеді. Ана – бір қолымен бесікті тербетсе, екінші қолымен әлемді тербеткен ұлы күш иесі. Сондықтан сіздер де қатысыңыздар, қазақтың құрақ өнерін әлемге паш етіп, ұлттың мәртебесін бірге көтерейік дегім келеді.

«ӨЗ ҚОЛЫМЫЗБЕН ЖАСАҒАН ӘРБІР БҰЙЫМҒА ЖАН ДҮНИЕМІЗДІҢ ЖАЙ-КҮЙІН БЕРЕМІЗ...»

Келесі кейіпкеріміз – Гүлнұр Сиязбек, «Алтын бала» өнер-білім орталығының негізін қалаушы. Қазіргі таңда балаларға қыш өнерін үйрету арқылы жас буынның шығармашылық қабілетін дамытып, ұлттық дәстүрлерді бойына сіңіруге үлес қосып келеді. «Қолөнер – біздің тамырымыз, ата-бабамыздан қалған мәдени мұра» деп түсіндіреді мұны ол.

– Гүлнұр ханым, қыш өнеріне қалай келдіңіз?



– Қыш өнеріне қызығушылығым бірнеше жыл бұрын басталды. Алғашында бұл істі жай ғана хобби ретінде бастаған едім. Уақыт өте келе ол менің өмірлік ісіме айналды десем де болады. Кейіннен мемлекеттің қолдауымен өз өнер орталығымды аштым. Мен өзім Шаян ауылының тумасымын. Ауданымызда қыш өнерін кәсіби түрде үйрететін маман болмағандықтан, «неге осы өнерді ауылға әкелмеске?» деген ой келді. Осы идеямен қайтарымсыз грант жеңіп алып, 90 балаға қыш өнерін үйретуге рұқсат алдық. Сөйтіп Шаяннан «Алтын бала» өнер-білім орталығын аштық. Қазіргі таңда мұнда балалар тегін білім алуға. Өзім осында балаларға қыш өнерін үйретемін.

– Бұл өнерде ең негізгісі – саз балшықпен жұмыс. Бұл адамға не береді?

– Мен үшін саз балшықпен жұмыс істеу – энергия мен күш-қуаттың көзі. Саз балшық тірі материал секілді. Онымен жұмыс істеу адамды сабырлыққа, төзімділікке, шыдамдылыққа үйретеді. Қолмен жасалған әрбір бұйымға адамның энергиясы, сезімі, жан жылуы сіңеді. Біз өз қолымызбен жасаған әрбір бұйымға өзіміздің ішкі сезімімізді, эмоциямызды, жан дүниеміздің жай-күйін береміз. Сондықтан оның әрбірі – қайталанбас бірегей дүние. Бұл өнер – қазақтың дәстүрлі қолөнерінің бір түрі. Ол – біздің тамырымыз, ата-бабамыздан қалған мәдени мұра. Мұның бір ерекшелігі – адамға өте пайдалы. Ол жүйкені тыныштандырып, күйзелістен шығуға көмектеседі, ойды реттеп, шығармашылық қабілетті оятады. Кейде жарты сағат немесе бір сағат саз балшықпен жұмыс істеп отырып, сол әлемге қалай еніп кеткенінді байқамай қаласың.

Ал балаларға тіптен пайдалы. Баланың эстетикалық талғамын қалыптастырады, ұсақ моторикасын дамытады, қиялын арттырады, жауапкершілікке, табандылыққа тәрбиелейді. Мысалы, сурет салғанда жұмысты орта жолдан үзіп қойып, кейін жалағастыра беруге болады. Тоқыма тоқып отырып та, оны тоқтата тұра аласыз. Ал қыш өнерінде бастаған істі міндетті түрде соңына дейін аяқтау қажет. Саз балшықпен жұмыс істеп жатқан кезде басқа іске алаңдай алмайсыз. Бұл өнер зейінді шоғырландыру-

ға, фокус қоюға үйретеді. Қыш өнері сонысымен де құнды.

Қазіргі таңда біз халықаралық, республикалық, қалалық байқауларға тұрақты түрде қатысып жүрміз. Былтырдың өзінде сегіз байқауға қатысып, олардың біразынан бас жүлдені иелендік. Балалар онда екі сағат ішінде қыш құмыра жасап, оған ою-өрнек салып, істеген жұмысын сол жерде қорғайды. Осындай тәжірибелердің өзі олардың өзіне деген сенімін арттырып, шығармашылық ойлау қабілетін дамытып, болашақта кез келген іске батыл қадам жасауына мүмкіндік береді.

– Саз балшықты қайдан аласыздар? Құмырадан басқа тағы не жасайсыздар?

– Саз балшықты арнайы өңделген күйде жеткізушілерден аламыз. Сонымен қатар, Шымкент қаласында сазды өңдеп дайындайтын маман бар, сол кісіден де сатып аламыз. Құмырадан бөлек кесе, табак, сувенирлер, ұлттық нақыштағы түрлі сәндік бұйымдар жасаймыз. Тапсырыстар түсіп жатса, оны да қабылдаймыз. Қыштан жасалған бұйымдар сыйлық ретінде де өте ерекше әрі бағалы. Бұл бұйымдар – табиғи, экологиялық таза әрі қайталанбас дүние. Қол еңбегімен жасалғандықтан, оның өзіндік энергетикасы болады. Сондықтан оның құндылығы да, пайдасы да жоғары.

Байқасаңыз, қазір адамдар табиғилыққа, қолдан жасалған бұйымдарға ерекше мән бере бастады. Мысалы, бүгінде жаңадан ашылып жатқан этноресторандарға барып көрінішті, қыш құмыралар мен ұлттық ою-өрнекпен безендірілген бұйымдарды көздің жауын алады. Мұның өзі бұл өнерге деген сұраныстың жыл сайын артып келе жатқанын көрсетеді.

– 8 наурыз мерекесіне орай қыз-келіншектерге айтар тілегіңіз бар ма?

– Барша нәзік жандыларды көктемнің шуақты мерекесімен құттықтаймын! Әрдайым жүздеріңізден күлкі, жүректеріңізден мейірім кетпесін. Шабыттарыңыз сарқылмасын. Отбасыларыңызға амандық, дендеріңізге саулық тілеймін.

– Рахмет, қолыңызға қуат, еңбегіңізге береке берсін!

М. ҚҰРБАНҚЫЗЫ

САЙРАМ: КӨНЕ ТҮРКІ ӘЛЕМІ, «СУ АНА» КУЛЬТІ

Тарихи, этнографиялық-фольклорлық ізденіс

Көне Сайрам қаласы мен оған қарасты округ ежелгі заманнан қасиетті мекен саналып келеді. Қазақ дүниетанымына етене кірігіп кеткен ауыз әдебиетінің мәдени қабаттары мен қатпарлары осыны аңдатады. Бүгін біз оқырмандарға осы тақырып арқылы бірнеше шегіністері бар этнографиялық-фольклорлық кішігірім ізденісімізді ұсынсақ дейміз.

Қазіргі зерттеушілер бүгінгі қазақ жеріне ислам дінінің таралуы VIII ғасырлардан басталады деп таныстырып жүр. Бірақ, ол процесс X-XI ғасырларда жаппай сипат алып, сол кездегі қағандықтардың мемлекеттік идеологиясына айналғаны мәлім. Мұсылмандық өмір сүру салтының қазіргі қазақ жеріне дендеп енуіне Сайрам (Испиджаб) округінің елеулі себін тигізгені анық. Бүгінде Шымкент қаласының аумағының бір тұрғын алабына айналып отырған Сайрамға жолыңыз түссе қалса, сол X-XI ғасырларда өмір сүрген тұлғалардың қабыр-кесенелері қасиетті саналып, сакральдік мәнге ие болғанына куә боласыз. Оның ішінде әулие саналатын әзіз аналар да бар.



Төменгі Сайрамсу көлі

өзен-суларды қасиет тұтады. Аналық тегі санайтыны туралы да деректер бар. Сондай деректердің бірінде ежелгі грек тарихшысы Геродот скифтер (искит) Борисфен өзенін халықтың анасы деп таныстырып, киелі санайды. Құрбандық шалып тұратыны туралы айтқан. Ал, ортағасырлық араб жазбагерлері қимақ халқы Ертіс өзені мен оны мекен ететін мифтік көне бір жануарды өздерінің ел анасы, төтемі ретінде атағанын келтірген.

тін көріністер барын есіңізге түсіріңіз.

Ежелгі түркі мифологиясында Ұмай ана, Жер-Су, Су ана, От ана дейтін халық тағзым жасап, тәу еткен мифтік тұлғалар бар. Әр тылсым күш иесінің өзіндік орны, оларға арнап атқарылатын тиісті ритуалдары да болды. Осы стихиялы культ иелерінің ішінде Су ана образын этнография саласында еңбек жазып жүрген Алтыншаш Жақиянова өзінің auel.kz телеграм арнасында (https://t.me/ayel_kz) «Су анасы – аңыз бойынша, бұл тұла бойын қара балық қабыршақтары басқан алтын шашты жас әйел. Балық құйрықты, көздері жарқыраған Су анасы жердегі барлық су атаулыны басқарады» деп түсініктеме беріпті. Мұндай Су ана мифтік образы туралы өзге де түркі халықтарында, оның ішінде татар халқының мифологиясында көрнекті кейіпкер ретінде аталады екен. Қазандық фольклорист, «Алыптан Шұралға дейін. Татар мифологиясының тылсым кейіпкерлері» еңбегінің авторы Л.Давлетшина «Су анасы / Су иясе — су иесі, су әлемінің әміршісі. Ережені сақта-саң, яғни суға қызық тастамай, орынсыз мазаламасаң, зиянын тигізбейді. Классикалық сюжетте оның тарағын алып қояр болсаң, сонда ол «терезе түбін тықылдатып «қайтар» дейді, тарағын қайтарсаң, тыныштық орнайтыны туралы айтылады. Бұл — балалармен суды аялау, оған ұқыпты қарау туралы әңгіме қозғауға тамаша себеп» деп түсіндірме берген.

Сондай-ақ, ескі қазақтың ырым-тыйымдарының қатарында «Құдыққа түкірме!», «Суға дәрет сындырма!», «Түнде суға барма!», «Суды сапырма!», «Суды қамшымен

«Сыр – Алаштың анасы» деген тіркесті атауға болады. Өткен мен бүгін символикалық тұрғыда үндесіп жатыр.

«САЙРАМ – АҚ ӨЗЕН БОЙЫНДАҒЫ ҚАЛА»


Хош. Сонымен көне түркілердің өзен-суларды қасиетті санап, сакральді мәнін ұрпақтан-ұрпаққа мұра еткенін бүгінгі таңда да жер-су атауларынан танып-білуге болады. Оған Енесей, Лена, Кама, т.б. ірі өзен-дариялардың атауын мысал ретінде қарастыруға болады. Оны көне десеніз, бүгінде Шымкент қаласы маңында шипалық қасиетімен танылып қалған Көктөбе-Анабұлақ суы бар.

«Кама» демекші, көне түркілердің өзен атауларында (гидронимдер) қалыптасқан өзіндік заңдылығы болған. Сондай қалыптасқан сөзжасамның бір түрі – көне түркі тілінде «өзен» деген мағына беретін «қан» немесе «кам» сөзі арқылы жасалған өзен-су атаулары. Оған мысал, атауларының соңы - хем, -кем, -кам, -қан деп келетін (Улуг Хем, Бии-Хем, Каа-Хем, Кама, Басқан, Сарқан, Піскем, Өгем, т.б.) гидронимдерін келтірсек болады. Бұлардың басты ерекшелігі, аталған өзендердің дені бастауын таулардан алатын ірі өзендерге тән. Дәл осындай сөз жасамға атау соңындағы -ам, -ем, -ім формасымен сақталған өзен-су атауларын да (Сайрам, Бадам, т.б.) жатқызуға болса керек. Осы тұста ескерер нәрсе, мұндай сөзжасамдағы өзен атауларында «ана текті» екпінді байқаймыз. Оған мысалды Енесей өзенін оның бастау алар тұсындағы түркі текті тува халқы «Улуг Хем» деп атаса, хақастар «Бии-Хем» және «Каа-Хем» деп атайтынын еске алайық. Яғни, күллі түркі жұрты, оның ішінде қырғыз елі «Ана өзен» деп әспеттейтін Енесей (қырғ. «ене» - ана) өз бастауын үлкен және кіші «хемдерден» алып жатыр. Туысқан татарлар мен башқұрттар да бастауын Орал тауларынан алатын Кама өзенін халықтың ұлық анасындай қадір тұтатынын тағы ескерейік. Осындай ойлардың тоғысы туғанда, Шымкент қаласының айналасынан өтетін Сайрам мен Бадам өзендерінің атауынан көне түркілердің, тіпті сақтар мен оның алдындағы арийлер заманына дейін кететін «Су ана» сакральді дүниетанымын аңғаруға болатындай.

Көне Сайрам мен Испиджаб өңірінің тарихы туралы сөз қозғай қалсақ, қытай және араб жиһанкездерінің жазбаларына назар аударатынымыз хақ. Олардың қай-қайсысы болсын, бұл көне қаланың өзен бойында орын тепкенін, ал ол өзеннің «ақ су» деген мағына беретінін сөз етеді. Мәселен, қытайдың Сюань-Цзан (602-664 жж.) дейтін будда монахының қажылық саяхатынан жазған «Ұлы Таң дәуіріндегі батыс өлкелері туралы жазбалар» (Да Тан Си юй цзи) деп аталатын еңбегінде «Ақ өзен» жағасындағы мекенге (629 ж.) аялдайтыны бар. Ортағасырлық араб саяхатшылары келтіретін Испиджаб, Аспиджаб, Сапиджаб деп құбыла аталатын қала атауы түркілік «Ақсу» деген атаудың соңғы тіліне («Sput-č ар») калька-аудармалануы екенін айтқан ғалымдар (ирантанушы В.К. Шуховцов) бар. Ал, Махмұт Қашқаридің (1029-1101 жж.) «Диуани лұғат ат-түрк» еңбегінде Сайрам ежелгі Испиджабтың бір атауы екеніне тоқталады.

Енді назар аударатын нәрсе, қазіргі таңда Сайрам тұрғын алабы Ақсу өзенінің бойында тұрған жоқ қой. Ендеше, не гидроним, не қала атынан шатасуы мүмкін бе? Оның жауабын географиялық картадан емес, жер-су атауларының сырынан іздеген дұрыс шығар.

Ол үшін алдымен Хазар қағанаты (VII-X ғғ.) жайындағы мәліметтерді бір еске алып өтсек. Византия императоры болған Константин VII (905-959 жж.) патшаның «Империяларды басқару» (De administrando imperio, Об управлении империей) дейтін еңбегінде «Олардың қоныстанған аймақтары хазарлардың бекінісі – Саркел қаласына дейін созылады. Онда жыл сайын ауыстырылып тұратын үш жүз таксеот (жалдамалы жауынгер) орналасқан. Ал «Саркел» атауы олардың тілінде «Ақ үй» деген мағынаны білдіреді» деген жолдар кезігеді. Біздің бұл жерде назар аударғымыз келіп отырғаны



Көне Сайрам қаласы есте жоқ ежелгі заманнан бері киелі өңір саналып, халықтың санасына сіңгенін жиі айтып жүрміз. Қаланың сол киелілік қасиеті ислам діні орныққан кезеңнен бастап исламдық сопылық бағыттың қалың бояуына қаныға түскендей. Киелі жердегі Қарашаш ана, Бибі Ғияс ана, Бибі Мәриям, Анар ана, Алма ана кесенелерінің қатарын Анбар ана қадамжайы, Қыз әулие нысандары толықтырады. Бұл халқымыздың әйел-аналарды есте жоқ ескі заманнан бері қадір тұтып, әулие санап, есте сақтап келе жатқанынан хабар берсе керек. Жалпы, Сайрамның көне мәдени қатпарларынан әулие аналар кесенелері ғана емес, ана текті табиғи стихия көрінісіндегі дүниелер де сан ғасырлық тарих саңылауынан сәулеленіп жетіп отыр. Мұны ежелгі заманның халық санасында «культтік құбылыстары» дейміз. Сондай күрделі құбылысты дүниенің бірімен таныстыралық.

«ӨЗЕН - АНА» ФЕНОМЕНІ

Көшпелі халықтардың ішінде қазіргі қазақ халқының арғы тегі саналатын скиф (ишқуз, искит, ішқұз) және қимақ халықтары өздерінің шығу төркіні туралы аңыздарында



Ақсу каньоны

Көне түркі халықтарында әр жануардың, әр құбылыстың, табиғат стихияларының өз иесі болады дейтін наным-сенімдері болғаны белгілі. Ондай наным-сенімдердің кейінгі үлгісі ретінде қазақ халқының ұғымындағы әр түліктің пірі туралы аңыздарды алуға болады. Ал, табиғат стихияларының иелері туралы ырым-жоралғыларды Наурыз мерекесінде тірілтеміз. Сахналық қойылымдарда «От ана, май ана, жарылқа!» деп келе-

сабама!» тыйым сөздерінің астарында ежелгі заманнан жеткен су мен өзенге деген ғұрыптық құрметтің (мүмкін, діни ритуал?) жатса керек. Бұл сөздермен татар фольклорисінің келтірген мысалында параллель ұқсастықтардың жатуы экософиялық таным деңгейі ғана емес, Су ана культінің деңгейіндегі байланыстарды көрсетсе керек. Осы Су ана культі дүниетанымының қазіргі уақыттағы көрінісі, ірі масштабтағы мысалы деп

– Саркел деген атаудың түркітілдерінің бір тармағы болған хазар тілінде «Ақ үй» немесе «Ақ қала» деген мағына беруі болып отыр. Яғни, Хазар қағанатының астанасының атауы «сар» және «кел» деген сөздерден құралып тұр. Мұндағы «кел» дегені – қала болса, «сар» дегені – «ақ» деген анықтауыш қызметінде тұр. Енді өзіміздің Сайрам өңіріне қайта оралалық. Ортағасырлық жиһанкездің бәрі Испиджаб пен оның айналасын «Ақ өзен» деп таныстырып отырса, онда «Сайрам» деген гидронимнің өзі Ақ өзен деген мағына бермейді ме екен деген сауал туады. Ал, XVII ғасырларға хатқа түсірілді деп ғылыми айналымға енген «Мәдинай әл-Байда немесе Испиджабтың әулиелері туралы трактаттар» дейтін авторы белгісіз еңбекте Сайрам қаласын «Сариям» деген атаумен таныстырады. Демек, қазіргі қолданыстағы «Сайрам» деген атау сол заманда «Сариям» деп аталса керек. Олай болса, көне түркі заманындағы кезеңнен бергі уақыт аралығында бұл өзен «Ақ өзен» деп аталып келе жатыр деп түйіндесек болатындай. Өйткені, «сар» деген сөз – «ақ» деген мағынадағы сөз болса, -ям деген сөз де көне түркілік «өзен» деген мағынадағы тіркес болып шықпай ма? Сондай-ақ, XIX ғасырда ғұмыр кешкен ақын Юсуп Саремидің тегін «Саремиді» деп көрсететіні бекер емес шығар. Мұнда да көне түркілік өзен атауында кезітетін -ем құрамдас тіркесін көреміз.

Олай болса, қазіргі таңда қатар ағып жатқан Сайрамсу мен Ақсу өзендерінің атаулары да мағыналас, мәндес атаулар. Тіпті, бүгінгі таңда бұл қос өзеннің бастау алар тұсындағы Балдыберек өзенінің арнасы ертеректе (мүмкін, V-X ғасырларда шығар?) Ақсу өзеніне құйса, қазір Сайрамсуға құйып жатқанын ескерсек, ежелгі жиһанкездер де, өзен атауын қалыптастырған халық та екі өзенді бір атаумен қатар атай берді деп топшылауға негіз бар. Бұл өзен арналары табиғи құбылыстар арқылы да және қолдан жасалатын өзгерістер арқылы да өз арналарын өте жиі ауыстырып тұрғанын физикалық карталардан анық байқауға болады. Оған тағы бір мысал, қазіргі Сайрамсу өзенінің бір арнасы бүгінгі таңдағы Таскен-Тассай-Қайтпас елді мекендерінің аумағымен аққанын енді ғана бағамдап жатыр емеспіз бе?



Аластау

«СУ ИЕСІНЕ» ТАСАТТЫҚ БЕРУ ОРНЫ ТАБЫЛДЫ

Ортағасырлық араб саяхатшылары мен жазбагерлерінің қалдырған жазба еңбектері бүгінгі таңда тарих ғылымы үшін маңызды ғана емес, өткенін түгендеген елдердің мәдениеті мен діни-нанымдары жайлы таным-түсініктерінен хабар беретін қайнар көз болып отыр.

Жоғарыда Қимақ елінің (VIII-XI ғғ.) «Су иесін» культ деңгейінде құрмет тұтатынын, өздері Ертіс өзенін рулық анасы санайтынын сөз еттік. Ибн Хордадбехтің «Жолдар мен елдер кітабы» («Китаб әл-масалик уә-л-мамалик») жазбасында «Испиджабтан (Таразға дейін) бері барлығы 26 фарсах. Одан соң Кавиқатқа дейін 7 фарсах. Ал, осы жерден қимақтар мекен ететін иеліктеріне дейін 80 күндік жол бар» деп анықтама береді. Бұл мәліметті қанама дерек ретінде пайдаланып көрсек, Испиджаб қаласын өз заманында қалалар мен елді мекендердің өзара арақашықтығын пайдалану мақсатында тілге тиек етіп отырғанын аңдаймыз. Бұл дегеніміз, Ис-

пиджабтың тек географиялық нүкте көзі (орентир) ретінде пайдаланылғанын, оған қоса сол дәуірде ірі сауда және мәдени орталық қызметінде болғанын көреміз. Олай болса, Ибн Хордадбех келтірген деректен қазіргі Сайрам, Шымкенттің мәдени байланысы мен әсер ету аймағы сонау Қимақ қағанаты аумағына дейін барғанын түсінеміз. Ендеше, «Су ана» культі ұғымы қазіргі қазақ даласының арғы-бергі бұрыштарымен осылайша байланысып жатуы мүмкін.

Айтпақшы, былтыр 2025 жылы Шымкент қаласы аумағында бірқатар археологиялық қазба жұмыстары жүргізілген болатын. Сол жұмыстардың нәтижесін көрсететін сараптамалық қорытындысы қолымызда бар. Онда Қайнарбұлақ тұрғын алабының батыс шеті, Шұбарсу өзенінің сол жақ жағалауында орын тепкен, шартты түрде «Шұбарсу мекенжұрты» деп аталатын, алғашқы мерзімделуі I-IV ғасырлар деп топшыланған ескерткішке қазба жүргені айтылған. Бастапқыда шағын мекенжұрт ретінде қабылданған нысанды аршу кезінде үлкен әрі биік мұнараның орны табылған. Төбенің диаметрі 40 метр болса, биіктігі 4,5 метр.

Бір қызығы, археологиялық ескерткіштің өзі өзеннің жағасында орналасқанына қарамай, мұнараның екі шетінен екі құдық белгілі болған. Оның біріншісін қайта аршып шыққанда тереңдігі 8 метрге дейін қазылып, ішінен көптеген жәдігерлер табылған. Өзі өзеннің жағасында тұрса, оған құдықтың не керегі болды екен? Ғалымдар осы сауалмен бас қатыра отырып, соңында табылған заттарға қарап бұл жер II ғасырдан VIII ғасырға дейінгі уақыт аралығында ғұрыптық діни-зиярат ету орны ретінде пайдаланылуы мүмкін деген қорытындыға келген. Соңғы табылған жәдігерлердің ішінде VIII ғасырға тән Таң империясының (VI-IX ғғ.) монеталары бар. Осыған қарағанда, қасиетті су көзіне тағзым жасау, тасаттық жасау, құрбандық шалу және құдыққа теңге тастау дәстүрі сол замандардан келе жатса керек. Бұл Шымкент пен Сайрам өңіріне ислам діні келе қоймаған Түргеш қағанатының дәуірі болғанын ескерсек, Су ана мифтік тұлғасына табыну көріністері сақталып тұрған уақыт деп топшылауға болады. Айтпақшы, Түркеш қағанаты да, Қимақ қағанаты да қатарлас,

замандас өмір сүрген мемлекеттік құрылым болды емес пе? Халықтары да, олардың тілдері мен наным-сенімдері де ұқсас болған.

Біз бұл мақалада өзен-сулардың аттарында кезітетін «аналық текті» көрсететін наным-сенімдерді де тілге тиек еттік. Жерсу атаулары мен олардың тарихи астарында осындай терең де нәзік тамырлар жатуы әбден мүмкін.

Бүгінгі таңда Сайрамсу өзені 70 шақырымнан астам қашықтықтағы Бадам өзенінің сағасына құяды. Өзен ғасырлар бойы көне Сайрам (Испиджаб) округінің құнарлы топырағын сумен қамтамасыз етіп, егістігінің бітік өнім беруіне шарапатын тигізіп отырған, елді асыраған. Оны «ана» деп құрметтеу дәстүрі бұл өңірде де болса керек. Осы жерде мынадай ой келеді. Осы ежелгі скифтер (искит) қасиет тұтқан Борисфен өзенінің атауында да соғды тілінде «ақ» деген түсті меңзейтін «испидж» деген сөзге танбалануы жағынан жақын сөздің («исфен») тұруының да бір мәнісі бар ма екен?

Сейдалы ДҮЙСЕБАЙҰЛЫ



150 МЫҢ ҚЫЗҒАЛДАҚ: ҚОСШЫДАҒЫ ОТБАСЫЛЫҚ БИЗНЕС РЕКОРД ЖАҢАРТТЫ

Қосшыда қызғалдақ өсіретін ірі жылыжай бар екенін білесіз бе? Биыл осы кәсіп иелері 150 мың түп қызғалдақ өсірген. Ақ, алқызыл, сары, күлгін түске боялған қызғалдақтың классикадан бастап пион тәріздісіне дейінгі түрлері көздің жауын алады. Жылыжайға арнайы барып, гүлдерді өз көзімізбен көріп қайттық.

Жылыжайдың директоры – Сәуле Бисембаева. Ол жұбайымен бірге гүл бизнесінде 13 жылдан бері еңбек етіп келеді. Бұған дейін олар қызғалдақты Ресейден, Беларусьтен, сондай-ақ Алматы мен Шымкенттен көтерме бағамен тасымалдап отырған. Бір маусымда Астанаға 250 мыңға жуық қызғалдақ жеткізген кездері де болған.

Үш-төрт жыл бұрын Сәуленің жұбайы Беларуське барып, ондағы жылыжайлардың жұмысын көріп қайтады. Сол сапардан кейін «Қызғалдақты неге өзіміз өсірмесек?» деген ой келеді. Алайда елорданың ауа райы бұл істі бірден бастауға мүмкіндік бере қоймаған. Астананың климаты – қатал, аңызак жел, қысы ұзақ әрі суық. Ал қызғалдаққа тұрақты температура мен желге төзімді ғимарат қажет.

Сөйтіп, олар бір ғимаратты жалға алып, ішін толық жабдықтайды. Сөрелерін, жәшіктерін, қажетті құрал-жабдықтардың көбін өз қолдарымен жасаған.

– Былтырғы жылдың наурыз-сәуір айларында Нидерландтан қызғалдақ пиязшықтарын сатып алдық. Желтоқсан айында 150 мың түпті түгел отырғыздық. Бүгінде жылыжайда қызғалдақтың 35-тен астам түрі бар, – дейді ол.

Содан бері күн сайын суару, температураны бақылау, күтім жұмысы бір сәт те тоқтамаған. Қазір қызғалдақтың 70 пайызы жиналып, сатылымға шыққан.

Сәуленің айтуынша, бұл – Астана аумағындағы көлемі жағынан ең ірі қызғалдақ жылыжайы. Бұған дейін 10-15 мың түп өсіретін шағын шаруашылықтар болғанымен, 150 мың түп – елорда үшін жаңа рекорд.

– Бұл – біздегі алғашқы маусым. Жылыжайда 150 мың қызғалдақ өсіру – Астана үшін жаңалық деп айтуға болады. Өзірге өзімізді сынап көріп, тәжірибе жинап жатырмыз, – дейді ол.

Оның айтуынша, жылыжайға кеткен шығын да аз емес.

– Бір пиязшықтың өзі шамамен 250 теңге тұрады. Оны біреу емес, жүз мыңдап аласың. Біз кәсібімізді жүргізу үшін басында инвестор іздедік, бірақ күтетін уақыт болмады. Сөйтіп, ата-анамыздан, туыстарымыздан қарызға ақша алдық. Сөйтіп өз күшімізбен кәсіпті бастадық. Осыдан-ақ шығын көлемін түсінуге болады, – дейді кәсіпкер.

Жылыжайды іске қосу барысында туыстары мен достары да қол ұшын созған. Жұмағали есімді ағасы вентиляция мен жарық жүйесін тартып берген. Анасы жылыжайдағы күнделікті жұмысқа қолқабыс етеді. Қазір мұнда 6 адам тұрақты жұмыс істейді. Олардың арасында Қытайдан келген қандастар, Өзбекстаннан келген азаматтар да бар. Ұжым бір-бірімен тату.

Сәуле жылыжайды тек табыс көзі емес, жұмыс орны ретінде қарастырады.

– Біздің басты идеямыз – әлеуметтік осал топтарға жұмыс беру. Мұнда тек мүмкіндігі шектеулі жандар емес, көпбалалы аналар, зейнеткерлер, ата-әжелер де еңбек ете алады. Бізде «мен бастықпын» деген түсінік жоқ. Бәріміз бірге жұмыс істейміз. Мен де күрек ұстаймын, жолдасым да ұстайды, – дейді ол.

Қызғалдақтардың көтерме бағасы – 480 теңгеден, бірақ ол үшін кемінде 500 дана алу қажет. Бөлшек бағасы – 750 теңге. 25 данадан тұратын бір құшақ гүлге 14 мың теңге төлейсіз. Кейбір адамдар бағаның жоғары екенін айтып, сынайды. Алайда Сәуле мұның артында орасан еңбек жатқанын айтады.

– Бұл – қол еңбегі, ауыр жұмыс. Тізерлеп отырып, сағаттап отырғызамыз. Қызметкерлердің жалақысы, коммуналдық шығын, басқа да жабдық бар. Сондықтан өз еңбегімізді бағалаймыз, – дейді кәсіпкер.

Сәуленің айтуынша, көтерме бағамен сатып алушының дені – гүл дүкендері. Қазір олар 1-2 мың данадан алып, гүлдерді байқап көріп жатыр. Бөлшек сауда жасағысы келгендер жылыжайға арнайы келіп, гүлді өздері таңдайды. Тапсырыстар тек Астана мен Қосшымен шектелмейді. Қостанай, Атбасар, Көкшетау, Екібастұз, Павлодар, Қарағанды қаласына да жөнелтіледі. Мемлекеттік ұйымдар да мереке қарсаңында қызметкерлеріне арнап тапсырыс береді.

Сәуле бұрын мемлекеттік қызметте еңбек еткен. Астана әкімдігінде, кейін партия құрылымында жұмыс істеп, әйелдер ісі бойынша инспектор болған. Декреттен кейін қызметтен кетіп, отбасылық бизнеске бет бұрған.

– Көпбалалы аналармен жұмыс істеген кезім есімде. Маған сол сала да ұнайтын. Бірақ адам өз ісінен ләззат алуы керек. Гүл өсіріп, адамдардың қуанышын көру ерекше әсер береді. Болашақта мемлекеттік қызметке қайтып оралуым да мүмкін, – дейді ол.

Қазір Сәуле Қосшыда отбасылық жеке жылыжайын салып жатыр. Жаңа нысан қыркүйек айында іске қосылады деп жоспарланған. Келесі маусымға 200-300 мың қызғалдақ отырғызу жоспарда бар. Ал бес жыл ішінде өндірісті миллион түпке жеткізгісі келеді.

– Мәскеуде 11 миллион қызғалдақ өсіретін фермер бар. Демек, бұл да біздің қолымыздан келеді деген сөз. Қазір нақты бес жылдық бизнес-жоспар бар, соған сәйкес біз миллион қызғалдақ өсірсек деген арманымыз бар. Жыл сайын қызғалдақтардың санын арттыра береміз, – дейді Сәуле.

ҚЫЗ БАЛАНЫҢ БҰРЫМЫ НЕ АЙТАДЫ?

Қазақ халқының материалдық және рухани мәдениеті өзінің байлығымен, терең мазмұнымен ерекшеленеді. Сол дәстүрлі мәдени мұраның бірегей үлгілерінің бірі – шашбау.

Шашбау – қыз-келіншектердің қос бұрымына тағылатын әшекейлі бұйым. Ол тек сәндік қызмет атқарып қана қоймай, халқымыздың дүниетанымы, эстетикалық талғамы, әлеуметтік ұғымдары мен магиялық сенімдерімен тығыз байланысты.

Шашбау – түркі халықтарының сонау ежелгі дәуірден бері қолданған сәндік бұйымдарының бірі. Археологиялық деректерде, этнографиялық зерттеулерде шашқа тағылатын әшекейлер көшпелі мәдениеттің барлық кезеңінде кездесетіні айтылады. Қазақ арасындағы шашбау қыз баланың жасын, әлеуметтік мәртебесін, тұрмысқа дайындығын, сұлулық пен сымбатты қадірлеуді білдірген. Әсіресе, бойжеткен кезде бұрымды сәндеп, оның әсем көрінуі ұлттық тәрбиенің бір бөлігі саналған.

Шашбау түсіне, жасалу материалына қарай әртүрлі болады. Оны көбінесе асыл маталардан (күміс, кейде алтын жалатылған темір), маржан, меруерт, інжу тастардан, түрлі-түсті моншақтардан, жібек, мақпал, барқыт маталардан, шашақ, қоңыраушықтар сияқты материалдардан жасаған.

Шашбаудың ең көп тараған түрі – ұзындау жібек таспаның немесе өрілген жіптің ұшына тағылған металл әшекейлі шашақ. Оны қос бұрымның ұшына байлаған. Сәндік элементтері:

1. Ою-өрнек (сыңар мүйіз, тұмарша, ирек)
2. Дөңгелек қаңылтырлар
3. Тиын сияқты жылтырауықтар
4. Сылдыр қоңыраулар.

Бұйымның салмағы да әртүрлі болады. Кей қыздар аспалы, ұзын, сәнді шашбауларды такса, кейбірі жеңіл әрі шағын түрін пайдаланған.

Қазақ дәстүрінде шашбау тек әшекей емес, тылсымдық мәнге ие бұйым болған. Халық түсінігінде шаш – адам жанының бір бөлігі, оның күш-қуатының белгісі. Сондықтан шашқа тағылатын бұйымдар да ерекше мәнге ие. Шашбаудың құрамындағы күміс өне бойды жамандықтан қорғайды деп сенген. Ал сылдыр қоңыраушықтардың дыбысы жын-шайтанды қашырады делінген. Осылайша шашбау жас қызды, бойжеткенді тіл-көзден, жаман пиғылдан сақтайтын тұмар қызметін атқарған.

Қыз баланың бұрымын таза, ұқыпты ұстауы – оның тәрбиесінің белгісі. Шашбау тағып жүру қызды жинақылыққа, нәзіктікке, әсемдік пен ұқыптылыққа баулыған. Бұл бұйым жас келіннің де сәндік заттарының қатарына енген және әлеуметтік мәртебесін көрсеткен. Ауқатты адамдардың қыздары асыл тастармен әшекейленген күрделі шашбаулар таққан. Ал қарапайым халықтың қыздары күміс, мыс немесе түрлі моншақтан жасалған қарапайым түрлерін пайдаланған. Сонымен қатар ұзын, салмақты шашбаулар бұрымды төмен түсіріп, қыз балаға сәнді кескін бер-



ріп, жүріс-тұрыстың әдемі болуына ықпал еткен.

Қазақстан аймағында шашбаудың түрлері әртүрлі болды. Мысалы, оңтүстік өңірде маржан мен інжу жиі қолданылып, көбіне қызыл, қызғылт түстерде жасалды. Батыс өңірде күмістен соғылған салмақты шашбаулар кең тарады. Мұнда қоңыраулы, сылдырлы түрлері жиі кездеседі. Шығыс Қазақстанда көбіне өрнекті металл пластиналармен әшекейленген ұзын шашбаулар қолданылған. Жетісу өңірінде жібекке жіппен өрнек түсірілген, жеңіл әрі нәзік шашбаулар танымал болды.

Шашбаудың түрлері:

1. **Шолпы** – салбырап тұратын металл әшекей, сылдыр дыбыс шығарады.
2. **Шаш теңге** – күмістен соғылған ұсақ теңгелер тізбегі
3. **Шашақ шашбау** – жібек бау ұшына тағылатын шашақ түріндегі әшекей
4. **Моншақты шашбау** – түрлі-түсті моншақтардан тізілген сәндік бұйым
5. **Тұмаршалы шашбау** – тұмар пішіндегі элементтермен безендірілген.

Бүгінде шашбау этнографиялық мұра ретінде музейлердің экспозициясында, ұлттық киімдерде, театр мен кино костюмдерінде кең қолданылуда. Заманауи дизайнерлер де ұлттық нақыштағы әшекейлерді жаңғыртып, қайта жасап жүр. Той-томалақтарда, қыз ұзату рәсімдерінде, ұлттық концерттерде жас қыздардың шашбау тағып шығуы қайта кең таралуда. Бұл – халықтың көне өнеріне деген құрметтің белгісі.

Шашбау – қазақ қыздарының және келіндерінің шашына тағатын әшекейі, ол сұлулықтың, нәзіктіктің әрі тәрбие мен тектіліктің белгісі болып саналған. Шашбау қыздың жасы мен әлеуметтік жағдайын көрсетіп, сәндік қана емес, қорғаушы-ырымдық қызмет атқарған. Ұлттық мәдениетіміздің бір бөлігі ретінде шашбау бүгінгі күні де қазақтың әшекейлік дәстүрін танытатын құнды мұра болып табылады. Шашбау – қазақ халқының ғасырлар бойы қалыптасқан көркемдік ойының жемісі, эстетикалық талғамның айғағы. Ол тек әсемдік бұйым емес, халқымыздың тұрмыс-тіршіліне, дүниетанымына мағыналы мәдени мұра.

Г.ҚОҢЫРБАЕВА,
«Ұлы Дала Елі» орталығының
қызметкері, Түркістан қаласы

«ҚАДІРІН ЖЕҢГЕ БІЛМЕСЕ, БОЙЖЕТКЕН ҚЫЗ ҒАРИП...»

Ел арасында «көмекей әулие» атанған Бұқар жырау қоғамның ауыр халінің бейнесін «ғаріп» сөзімен бейнелеп, ауыр нәтижеге жеткізетін ұлттық тәрбиедегі терең мәселені осылай түйіндеген екен. Өзіміз тақпақтап айттық, шәкірттерге жаттатқыздық. Бірақ соның терең мәнін ұғып, оның салдарынан елдегі бүкіл тәрбие күйрейтінін сезінбеген екенбіз.

Бойжеткен қызды аса қадірлі, қолға түсе бермейтін қонағындай сыйлап, соның мінезін қадағалап, дұрысын мақұлдап, дұрыс емесін түзеткен жеңгелер болған. Ұзатылып кеткен қыздың жақыны, жанашыры, қамқоршысы болып жеңгесі еріп барған. Елге келгенде де қайынсіңлісінің қабағына қарап, көңілін табатын тағы жеңгесі екен-ау.



НЕГЕ ЖЕҢГЕ?

Міне, осы жерде біздің ұлттық тәрбиенің терең құпиясы жасырылған. Қазақ келіні қарындасын сыйлау арқылы күйеуіне деген сүйіспеншілік, қызын сыйлау арқылы ата-енесіне деген құрмет, қыздың абыройын ойлау арқылы бүкіл әулеттің абыройын ойлайтынын танытқан. «Қыз Жібек» кинофильмінде Төлегенді бірінші Жібектің анасы жоқтаса, екінші жеңгесі жоқтайды. Режиссердің ұлттық тәрбиенің негізін түсініп, соны кейінгілерге танытып кеткен емес пе?

Жеңгеге бойжетіп келе жатқан қыз тәрбиесіне жауаптылық арту – қазақ қоғамындағы әйелге, келінге деген сенім, құрмет, жоғары дәреже бергендігінің дәлелі. Алдымен «анасын көріп, қызын алатын» бабалар дәстүрімен тәрбиелі, әдепті, опалы келін таңдаған. Өз сенімдерінен шыққан келінге ең абыройлы, бүкіл әулеттің абыройы болып есептелетін қайынсіңлісінің тәрбиесіне жауаптылық міндетін берген. Есті келін, өз әулетінде құрмет пен сый көрген келін қайынсіңлісіне де құрмет көрсете алған. Оның абыройын өз абыройым деп есептеген. Әкесінің үйінде қыз дәуренін сүріп жүрген қайынсіңлісіне қызғанышпен қарамаған, оның осы бір алтын дәуірін қатты бағалаған, оны сыйлау арқылы, оның қадірін түсіну арқылы бүкіл әулетке деген сыйы мен құрметін танытқан.

Осы бір түбі тым тереңде жатқан, тек қызға құрмет емес, осы арқылы өз тәлімі мен көргенділігін таныта алатын сырлы қарым-қатынастың жоғалып кететінін әулие абыз білген екен.

«Қадірін жеңге білмесе,

Бойға жеткен қыз ғаріп», – жүректі дір еткізер ауыр үкім.

Қайынсіңлі қадірін білмейтін жеңгелер қашан, қалай өсіп жетілді? Оның әлеуметтік негізі қайда? Қайынсіңлісін қадірлей алмайтын, өсіп келе жатқан қыз баланы «ғаріптікке» жеткізетін жеңгелерге неге тыйым жоқ? Осы мәселелерге зер салсақ, ұлттық тәрбиенің соншалықты күйреп кеткенін түсінер едік. Қазіргі «бедірей қыз», «кекірей келіндердің» шыққан тегін ұғар едік. Мұғалім алдында, көпшілік ішінде дөрекі сөздерді еш шімірікпей айтатын қыз бала, өз құрбысын аяусыз соққыға жығып жатқан қыз, енесімен жауласқан келін, арсыздыққа барып жатқан қазақ қыздарының барлығы – бүгінгі қоғамның «ғаріптері». Өз отбасында құрмет пен сый көрмеген, жылылық сезінбегендер, мейірім көрмегендер деп ойлаймын. Бұлар туралы айтылар сөз көп...

Жанымгүл КАМАЛҚЫЗЫ



Біле жүріңіз

БАС ТАРТУДЫҢ ДА ӨЗ ТӘРТІБІ БАР

Қытайдан көшіп келіп, Семей жаққа қоныстанған қандасымызға жиенім қызын ұзатты да, көп ұзатпай қылауы бұзылмаған құдаларын сән-салтанатымен құдалыққа шақырды. Дастархан басында жасы жетпісті алқымдаған үлкен құдамен табақтас болып қалдым.

Құдалық енді қыза бастағанда қызмет көрсетіп жүрген жігіттер ішке табақ тартатын болды. Алдымен қара қазанда былқып піскен қойдың басы кірді. Осы тұста жанымда отырған құда әлденеге көңілі толмағандай басын шайқап қалды. Бас ортада отырған 70-тен асқан ауыл қариясының

алдына барды. Бұл тұста да сыйлы қонағым келіспеген кейіп танытып таңдайын қақты.

Қарт кісі бастың шекесінен тіліп алып, дәм татты да, ескі әдетпен оны жанында отырған кісіге ұзатты. «Ойпырай, ә!» деп күрсініс білдірді төзімі тауысылған қонағым. Сосын мен де шыдай алмадым: «Құдеке, мұнының қалай? Бірдеңеге риза болмай отырған сияқтысыз ғой?» дедім.

«Рас, – деді ол, – Анау бала бастың тұмсығын есіктен теріс қарата кіргізді. Сосын сыйлы асты келген мейманға ұсынбай, ауылдарыңызда күнде бас мүжіп жүрген анау замандасымның алдына қойды. Басты менің ғана мүжуім керек деген сөзім емес бұл. Өзің ойлап қарашы, мына мал кімнің құрметіне бауыздалды? Сыйлы мейманға арнап соймадыңдар ма? Ендеше,

алтыдағы бала болса да, бас осындағы ерекше күтіліп жатқан ең қадірлі мейманға ұсынылуы тиіс еді.

Екіншіден, басқа бата сұралған жоқ. Білмесендер айтайын, бас ұстаған адам алдымен оң жақ езуін кесіп алып, осы үйдің ырысы басқа жаққа кетпесін деп табақтың ернеуіне қояды. Екінші езуін өзі жейді. Құлағын кесіп, құйма құлақ болсын деп осы үйдегі ең кішкентай баланың алдына лақтырады. Екінші құлағын кеспейтіні, айтылған сөз бір құлағынан кіріп, екіншісінен шығып кетпесін дегені.

Қадірлі дәмге пышақты бір тигізіп алып, көршісіне ұзату да дұрыс емес. Өзі турап, осындағы адамдардың бәріне ауыз тигізуі тиіс. Әрқайсысы жекелеп жесе, басымыз қосылмай қала ма деп қауіп қылған. Басымыз түгел болсын, берекеміз бұ-

зылмасын деген ырым.

Шүйде етін дастархандағы елге тіреу болып жүрген ең беделді адамға, тілін шешен адамға, таңдайын өнерпаз жанға, не болмаса бұрымды қызға ұсынған. Бір-біріне алақөз болып қалмасын деп екі көзін бір ғана адамның жегені де дұрыс. Дым көрмегендей сүйекті жалаңдап мүжімей, бір бөлігін алып қалған дұрыс. Оны кейін қонақтар кеткен соң үй иесі мал-жаным аман болсын деп өзі жейді».

Осы тұста сөзін бөліп: «Біз жақта әкесі тірі адам бас мүжімейді деген тәмсіл бар, бұған не дейсіз?» деп қалдым. «Әкесі тірі адамның бас мүжімейтіні рас. Асыраушымыздан айрылып қаламыз деп ырымдаған».

(Әлеуметтік желіден)

ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТІП

АЛИМЕНТ ӨНДІРУ – ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕ

Қазіргі таңда ерлі-зайыпталар арасында ажырасу тым көбейіп кеткен. Алимент төлеуге міндетті ата-аналардың қатары да көбейді. Ата-аналар мен балалардың арасында туындайтын ең өткір сұрақтың бірі – алимент төлеу. Алимент деп халық көп жағдайда тек ажырасқан әкенің өз баласына төлеуге міндетті ақысы деп біледі. Алайда, алименттің басқа да түрлері бар. Бұл төлем әкеге ғана емес, сонымен қатар анаға да жүктелетінін естен шығармаған абзал.



Алимент төлеу туралы келісім болмаған кезде сот көмекке толмаған балаларға олардың ата-аналарынан алиментті ай сайын бір балаға – 1/4; екі балаға – 1/3; үш және одан да көп балаға 1/2 бөлігі өндіріледі, ол сотпен белгіленеді.

Көп жағдайда өз балаларына алимент төлемей, жалтарып, сот орындаушысынан жұмыс орны мен тұрағын, мүлкін жасырып қашып жүретін ата-аналар да бар. Кейбір борышкерлердің ата-аналары, яғни баланың ата-әжеселері өз баласын әкімшілік, қылмыстық жауапкершілікке тартылмауы үшін төлейтін жағдайлары да кездеседі.

Егер сот орындаушысы сот актісін орындау барысында борышкерден алимент өндіру мүмкін болмаған жағдайда, атқарылған атқарушылық әрекеттері ешқандай нәтиже бермеген кезде өндіріп алушы ата-әжесінен алимент өндіру туралы арызбен сотқа жүгінуге құқылы.

Сот орындаушысы алимент бойынша берешекті тоқсан сайын айқындайды. Мүгедектер болып табылатын борышкерлер үшін ай сайынғы төлемдер немесе алимент бойынша берешек олардың жалақысынан және өзге де кірісінен, ал егер олар жұмыс істемейтін жағдайда, мемлекеттік бюджеттен неме-

се Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан төленетін ай сайынғы жәрдемақылардан және әлеуметтік төлемдерден айқындалады.

Борышкердің жалақысы болмаса немесе борышкер сот орындаушысына тапқан табысы туралы нақты ақпарат ұсынбаған жағдайда алимент берешегі Қазақстан Республикасындағы орташа айлық жалақы мөлшерінде айқындалады. Көп жағдайда борышкер еңбекақысын ең төменгі жалақы мөлшерін көрсетіп, жеке кәсіпкерлерден, таныстарынан анықтама алып келеді. Бірақ, ол анықтаманың шындыққа қаншалықты сәйкес келетіндігін сот орындаушысы тексереді. Жалған ақпарат берген жұмыс беруші де, жалтарған борышкердің де жауапкершіліктері қаралады.

Алимент өндіру туралы атқару құжатын орындамаған борышкерге Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Қазақстан Республикасының кодексінің 669-бабының 1 тармағына сай әкімшілік хаттама толтырылып, сотқа жолданады.

Егер алимент өндіріп алу туралы атқарушылық құжаттар бойынша берешек жиналып қалған жағдайда, сот орындаушысы ҚР-ның «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» Заңының 32-бабына сәйкес, борышкердің есепшоттарына, жылжымалы-жылжымайтын мүлкіне тыйым салуға, Қазақстан Республикасынан шығуын уақытша шектеу туралы қаулы шығаруға құқылы. Сонымен қатар, борышкерге лицензиялар, рұқсаттар және арнайы құқықтар беруге уақытша тыйым салу немесе тоқтата тұру туралы сотқа ұсыныс жіберіледі.

«Алимент бойынша үш айдан астам берешегі бар тұлғаларды еңбекпен қамту мәселесі бойынша өзара іс-қимыл тәртібін бекіту туралы» бірлескен бұйрық негізінде борышкерлерге жұмыспен қамту орталығына есепке тұруға хабарлама беріледі. Егер орталық тауып берген жұмысқа борышкер барудан бас тартқан жағдайда борышкер әкімшілік, қылмыстық жауапкершілікке тартылады.

А.А.МАХСУДОВ,
Шымкент қаласының атқарушылық округінің жеке сот орындаушысы

«ТАЗА ҚАЗАҚСТАН» ТЕК БІР РЕТТІК АКЦИЯ ЕМЕС...

Қазақстанда қоршаған ортаны қорғау, табиғи аумақтарды сақтау және экологиялық мәдениетті қалыптастыру бағытында «Таза Қазақстан» бастамасы кеңінен жүзеге асырылуда. Бұл игі шараның басты мақсаты – ел аумағын қоқыстан тазарту ғана емес, табиғатқа жанашырлық көзқарасты нығайту, жас ұрпақтың экологиялық сауаттылығын арттыру және ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың тазалығын сақтау.

Осы бағытта Түркістан өңірінде орналасқан Сырдария-Түркістан мемлекеттік өңірлік табиғи паркі маңызды рөл атқарады. Парк аумағы – бірегей табиғи ландшафтарымен, биоалуантүрлілігімен және рекреациялық мүмкіндіктерімен ерекшеленетін аймақ. Мұнда сирек кездесетін өсімдіктер мен жануарлар түрлері қорғалады, экологиялық туризм дамып келеді.

Экологиялық тазалық – басты назарда. «Таза Қазақстан» акциясы аясында парк қызметкерлері тұрақты түрде:

- сенбіліктер ұйымдастырады;
- туристік маршруттар мен демалыс аймақтарын тазалайды;
- заңсыз қоқыс орындарын анықтап, жою жұмыстарын жүргізеді;
- келушілерге экологиялық талаптар бойынша түсіндіру жұмыстарын өткізеді.

Табиғи аумақтың тазалығы келушілер мәдениетіне де тікелей байланысты. Сондықтан парк мамандары демалушыларға «бүгінгі қалдырған ізің – ертеңгі табиғат тағдыры» екенін үнемі ескертіп оты-



рады. Парк аумағында экскурсиялар, танымдық кездесулер, мектеп оқушыларымен экосағаттар өткізіледі. Мұндай шаралар табиғатты қорғаудың маңызын түсіндіріп, жас ұрпақтың туған жерге деген сүйіспеншілігін арттыруға ықпал етеді. Сонымен қатар, рекреациялық және туризм бөлімінің мамандары табиғатты тиімді әрі ұқыпты пайдалану мәдениетін қалыптастыру бағытында ақпараттық жұмыстар жүргізеді.

Табиғатты қорғау – әр азаматтың борышы. «Таза Қазақстан» тек бір реттік акция емес, ол – тұрақты экологиялық мәдениеттің бастауы. «Сырдария-Түркістан мемлекеттік өңірлік табиғи паркі» ұжымы табиғатты сақтау мен қорғау жолында жүйелі жұмыс атқаруда. Туған жердің табиғатын таза сақтау – келешек ұрпақ алдындағы жауапкершілігіміз. Әрбір азамат қоршаған ортаға жанашырлықпен қарап, табиғи аумақтарды қорғауға атсалысса, еліміздің экологиялық жағдайы жақсарып, табиғи байлығымыз сақталады.

Б.ШЕҢГЕЛБАЙ,
«Сырдария-Түркістан мемлекеттік өңірлік табиғи паркі» КММ-нің туризм бөлімінің экскурсия жүргізушісі

Айтары бар ақпарат

ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНЫҢ САНЫ 20,5 МИЛЛИОН АДАМНАН АСТЫ

Қазақстан Республикасы Ұлттық статистика бюросы Қазақстан халқының саны қаңтар айының қорытындысы бойынша алғаш рет 20,5 миллион адамнан асқанын хабарлады. Бұл туралы Stan.kz ақпарат агенттігі хабарлайды.

Бюро 2026 жылғы 1 ақпандағы жағдай бойынша ел халқының саны туралы деректерді ұсынды. Мәліметке сәйкес, Қазақстан халқы 20,5 миллиондық межеден асты.

“1 ақпандағы жағдай бойынша еліміздегі халық саны 20 518 005 адамға жетті. Қалалық жерлерде 13 106 358 адам, ауылдық жерлерде 7 411 647 адам тұрады. Жыл басынан бері халық саны 18,1 мың адамға өскен. Оның 15,8 мыңы табиғи өсім, 2,3 мыңы – көші-қонның оң сальдосы есебінен”, – делінген хабарламада.

Естеріңізге сала кетейік, Қазақстанда халық саны 20 миллионға 2023 жылдың қарашасында жеткен.



МІНДЕТТЕМЕЛЕРДІ УАҚТЫЛЫ ОРЫНДАУ АРТЫҚ ШЫҒЫНДАРҒА АПАРМАЙДЫ

Азаматтардың құқықтарын қорғау бағытындағы конституциялық кепілдіктің маңызды құралы сот актілерінің орындалуымен тікелей байланысты. «100 нақты қадам» ұлт жоспарындағы түбегейлі реформалар аясындағы 27-і қадам жеке сот орындаушылары институтын одан әрі дамыту және сот орындаушыларының мемлекеттік қызметін біртіндеп қысқартуды қарастырған болатын.

Атап айтқанда, 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап жеке сот орындаушылардың құзыретіне мемлекеттен өндіріп алу, одан әрі мемлекет пайдасына 1000 айлық есептік көрсеткіштен асатын соманы өндіріп алу туралы құжаттарды, мемлекет мүддесінде жүргізілетін үйден шығару, бұзу, жер учаскелерін алып қою туралы құжаттарды қоспағанда, атқарушылық құжаттардың барлық санаттары берілді. Қазіргі уақытта сотпен салынған айыппұлдар, мемлекеттік баждар, процестік шығындар, жәбірленушілердің өтемақы қорына төленетін қаражатты уәкілетті органдар тарабынан түзілген қаулыларының, салық бұйрықтарының үлесі соңғы кезде көбейуде. Бұл көрсеткіш азаматтарымыздың заң алдындағы жауапкершілігі әлі де тиісті деңгейде емес екендігін айқындайды. Жүргізушілер тарабынан жол ережесін сақтамаған, автокөліктерін белгіленген жылдамдықтан асыра басқарып жүрген, көлік, мүлік салықтарын уақтылы төлемегендер саны аз емес. Қазіргі уақытта жалпы қабылданған ережелерді бұзу материалдық шығындарға алып келетінін әрдайым есте сақтау қажет. Уақтылы орындалмаған атқару құжаттары, ерікті орындау мерзімі өткен соң жеке сот орындаушыларына мәжбүрлі орындауға тапсырылатынын білу қажет. Мәжбүрлі орындауға түскен құжаттар бойынша, жеке сот орындаушысы тарапынан барлық мәжбүрлеу шаралары жасалынады. Бұл шараларға екінші деңгейлік банктердегі есепшоттарға салынатын тыйымдар, нотариалдық іс-әрекетке қойылатын шектеу, жылжымалы және жылжитын мүлігіне қойылатын тыйымдар, ал берешегі 40 айлық есептік көрсеткіштен асатын болса (бұл қаражат 2025 жылы 157 280 теңгені құрайды), Қазақстан Республикасынан шығуына шектеу қоюға да негіз бола алатынын білген жөн.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» Заңның 114 бабына, 118 бабына сай атқару құжаттары бойынша жасалған шығындар да, жеке сот орындаушысының қызмет ақысы да бірге борышкерден өндірілетінін айта кету керек. Жоғарыда айтылғанның негізінде сот актілерін және барлық уәкілетті органдардың жазған атқару құжаттары бойынша міндеттемелерді уақтылы және тиісті түрде, мәжбүрлі орындауға жеткізбей орындау тиімді екендігін, артық шығындарға алып келмейтіндігін білу қажет. Заң нормаларын бұзбай, жалпы қалыптасқан қоғамдық ережелерді сақтамау міндетті түрде жауапкершілікке алып келетінін ұмытпағанымыз дұрыс болады.

Бауыржан ЖАНАЕВ,
Шымкент қаласы атқарушылық округінің жеке сот орындаушысы

Айтары бар ақпарат

8 НАУРЫЗДА МҰҒАЛІМГЕ СЫЙЛЫҚ БЕРУ: ЗАҢДАҒЫ ШЕКТЕУ ҚАНДАЙ?

Көктемнің алғашқы мерекесі – 8 наурыз қарсаңында мектептердегі ата-аналар чатында дәстүрлі мәселе көтеріледі: мұғалімге қандай сыйлық берген дұрыс? Гүл мен ашық хаттан бастап, қымбат тұрмыстық техника мен ақшалай конвертке дейінгі ұсыныстар айтылады. Алайда бұл жерде тек әдеп пен дәстүр ғана емес, заң талаптары да бар.



Қазақстанда педагогтерге сыйлық беру мәселесі сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамамен реттеледі. Заң не дейді? «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңға сәйкес, мемлекеттік қызметшілерге және оларға теңестірілген тұлғаларға қызметтік міндеттерін атқаруына байланысты сыйлық қабылдауға шектеу қойылған. Мемлекеттік мектеп мұғалімдері мен өзге де педагогтер осы санатқа жатады.

Қолданыстағы норма бойынша, мемлекеттік қызметшілер 2 айлық есептік көрсеткіштен (2 АЕК) асатын сыйлықты қабылдай алмайды. 2026 жылы 1 айлық есептік көрсеткіш мөлшері 3 932 теңгені құрайды. Демек, заң бойынша шекті сома – 7 864 теңге. Бұл межеден асатын сыйлық заң талаптарына қайшы деп бағалануы мүмкін. Шектеу кімдерге қатысты? Аталған талаптар мемлекеттік мектеп мұғалімдеріне, мемлекеттік балабақша тәрбиешілеріне, колледждер мен өзге де мемлекеттік білім беру ұйымдарының педагогтеріне қатысты. Жеке білім беру ұйымдарында ішкі ережелер бөлек белгіленуі мүмкін. Дегенмен, көп жағдайда олар да қымбат сыйлыққа

шектеу қояды.

Ұжымдық сыйлық қалай есептеледі? Практикада ата-аналар сынып болып ақша жинап, ортақ сыйлық ұсынады. Алайда заң нормасы сыйлықтың кімнен берілгеніне емес, оның жалпы құнына қарайды. Яғни бірнеше ата-ана бірігіп қымбат техника немесе зергерлік бұйым алса, оның нарықтық бағасы 2 АЕК-тен асқан жағдайда заң талаптары бұзылуы мүмкін.

Жауапкершілік қандай? Егер педагог заңда белгіленген шектен асатын сыйлықты қабылдаса, ол тәртіптік жауапкершілікке тартылуы ықтимал. Сондықтан көптеген мектептер мереке қарсаңында ата-аналарға ресми ескерту жасап, ірі көлемде ақша жинаудан бас тартуды сұрайды. Онда не сыйлаған дұрыс? Сарапшылардың пікірінше, мұғалім еңбегіне алғыс білдіру символикалық әрі қарапайым форматта болғаны дұрыс. Мысалы, гүл шоғы, кітап, балалардың қолымен жасалған құттықтауы, шағын сыйлық сертификаты, шығармашылық бейнеқұттықтау. Мұндай нұсқалар заң талаптарына да, әдеп нормаларына да сәйкес келеді.

Керек кеңес

КҮННІҢ ҚАЙ УАҒЫНДА СЕРУЕНДЕГЕН ДҰРЫС?

HuffPost басылымына берген сұхбатында жалпы практика дәрігері Хуссейн Ахмад күндізгі серуеннің ағзаға ерекше пайдалы екенін мәлімдеді. Оның айтуынша, сағат 11:00 мен 15:00 аралығында таза ауада жүру циркадтық ырғақтарды қалпына келтіруге көмектеседі, деп хабарлайды turkystan.kz.

Маман түсіндіргендей, дәл осы уақытта күн сәулесі ағзынғи ішкі «биологиялық сағатын» реттеуге ықпал етеді. Бұл ұйқы мен сергектік режимін қалыпта келтіріп, кешке тезірек ұйықтауға және түнгі ұйқының сапасын арттыруға мүмкіндік

береді.

Ахмадтың сөзінше, әр серуенде міндетті түрде 10 мың қадам жасау шарт емес. Қазіргі ұсынымдарға сәйкес, аптасына шамамен 150 минут орташа қарқындағы белсенділік жеткілікті. Мысалы, апта-

сына бес күн 30 минуттан жылдам жүру жүрек-қан тамыр аурулары қаупін төмендетуге, салмақты бақылауға және көңіл күйді жақсартуға көмектеседі.

Дәрігер сондай-ақ жаяу жүру ұйқы мен зат алмасуды реттейтін биологиялық сигналдардың бөлінуін ынталандыратынын атап өтті. Әсіресе отырықшы өмір салтын ұстанатын адамдар үшін күн сайынғы жарты сағаттық серуен – күрделі жаттығуларсыз және дәрі-дәрмексіз-ақ денсаулықты жақсартудың қарапайым тәсілі.

Жас ұрпақты еңбекқорлыққа, ізденіске, сабырлылық пен шыдамдылыққа тәрбиелеу бағытында сапалы білім беріп келе жатқан оқу орындарының бірі – Шымкент қаласындағы Орталық Азия Инновациялық Университеті. Биыл университеттің барлық білім беру бағдарламалары халықаралық талаптарға сәйкес бағаланып, бес жыл мерзімге аккредиттеуден сәтті өтті. Бұл оқу орнының білім беру сапасының жоғары екенін және студенттерге жан-жақты білім алуға барлық жағдай жасалғанын көрсетеді. Университет құрамындағы «Музыка, кәсіптік оқыту және дизайн» кафедрасы шығармашылық пен кәсіби білімді ұштастыра отырып, болашақ мамандарды даярлайды.

ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ПЕН КӘСІБИ БІЛІМ ТОҒЫСҚАН...

Биыл университетте жаңа білім беру бағдарламасы 6B07301 – Сәулет БББ-н ашу жоспарланып отыр. Сәулет – бүгінгі таңда сұранысқа ие, шығармашылық пен инженерлік ойлауды қатар талап ететін манызды сала. Бұл бағытта білім алған студенттер болашақта заманауи ғимараттар мен қалалық органы жобалауға, сәулеттік шешімдер жасауға мүмкіндік алады. Аталған мамандықтардың басты ерекшелігі – студенттерге тек теориялық білім беріп қана қоймай, олардың шығармашылық қабілеттерін дамытып, өмірлік маңызды қасиеттерді қалыптастыруында. Өнер мен еңбекке негізделген бұл мамандықтар жастарды жауапкершілікке және үздіксіз ізденіске баулиды.

Кафедраның материалдық-техникалық базасы қазіргі заман талабына сай жабдықталған. Оқу аудиториялары соңғы үлгідегі тігін машиналарымен, техникалық құралдармен, музыкалық ұлттық аспаптармен қамтамасыз етілген. Кафедра студенттері республикалық және қалалық деңгейдегі түрлі байқаулар мен олимпиадаларда жоғары нәтижелер көрсетіп келеді.

Кафедрада білікті, тәжірибелі, ғылыми әлеуеті жоғары профессор-оқытушылар құрамы қызмет атқарады. Олардың жетекшілігімен студенттер ғылыми-зерттеу жұмыстарымен айналысып, шығармашылық және кәсіби тұрғыда жан-жақты дамуда. Кәсіби бағдар беру жұмыстары аясында кафедра мектеп оқушыларымен түрлі кездесулер, ашық есік күндері, шеберлік сабақтары, шығармашылық көрмелер мен концерттік бағдарламалар ұйымдастырады. Бұл іс-шаралар талапкерлерге өз қабілеттерін танып, болашақ мамандығын дұрыс таңдауға мүмкіндік береді.

Бүгінде шығармашылық, технология және кәсіпкерлікті ұштастыратын мамандықтарға сұраныс артып келеді. Осы орайда Орталық Азия Инновациялық Университеті талапкерлерді сапалы білім алып, шығармашылық қабілеттерін дамытуға шақырады. Егер сіз өнерге, шығармашылыққа, дизайнға, педагогикаға немесе сәулет саласына қызығушылық танытсаңыз, Орталық Азия Инновациялық Университеті – болашаққа бастар сенімді қадам.

Набат ЖУНИСОВА,
Орталық Азия Инновациялық Университетінің
магистр-аға оқытушысы



ЖАРАМСЫЗ ДЕП ТАНЫЛСЫН

Шетелдік рұқсат бланкілерінің жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын. ИП "Нұрмат Мағжан Оразбайұлы". ИИН: 030712501097
1. Азербайджан N6048237.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Компания Р.Э.Т.» ЖШС, Шымкент қаласы, Қаратау ауданы, 243-қвартал, 133-ғимарат мекенжайы бойынша орналасқан кірпіш зауыты бойынша II санатты объектісі үшін әсер етуге экологиялық рұқсат алуға арналған материалдар бойынша ашық жиналыс түріндегі қоғамдық тыңдау өткізілетінін хабарлайды.

Жер учаскесінің координаттары:

1 нүкте ендік 42.330519 // бойлық 69.804966

2 нүкте ендік 42.331087 // бойлық 69.804439

3 нүкте ендік 42.332347 // бойлық 69.804956

4 нүкте ендік 42.332123 // бойлық 69.806585

Талқылау күні: 10.04.2026ж., сағат 12:00.

Талқылау өтетін орны: Шымкент қаласы, Қаратау ауданы, 243-қвартал, 133-ғимарат, «Компания Р.Э.Т.» ЖШС-нің әкімшілік ғимараты.

Онлайн конференцияға сілтеме:

<https://us04web.zoom.us/j/4869529996?pwd=WjJFcj9GWG9GUvK3L09tMU9BR0ltQT09&omn=76297972397>

Конференция идентификаторы: 486 952 9996, Кіру коды: 777123.

Белгіленіп отырған қызметтің бастамашысы: «Компания Р.Э.Т.» ЖШС

БСН: 060640007504

Мекен-жайы: Шымкент қаласы, Қаратау ауданы, 243-қвартал, 133-ғимарат.

тел: 8 (776) 741 70 47

Қоғамдық тыңдауларға шығарылатын материалдармен осы сілтеме арқылы танысуға болады: <https://ndbecology.gov.kz/>

Жобаны әзірлеуші: «Tumar Construction Group» ЖШС

БСН: 211040021583

Мекен-жайы: Шымкент қаласы, Қаратау ауданы, Майтобе 214.

эл.пошта: tcg_21@mail.ru

Байланыс тел: 8(776)7417047.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «Компания Р.Э.Т.» объявляет о проведении общественных слушаний в виде открытого собрания по материалам для получения разрешения на воздействие для объекта II категории для кирпичного завода, расположенного по адресу: г. Шымкент, Каратауский район, квартал 243, здание 133.

Координаты земельного участка:

1 точка: широта 42.330519 // долгота 69.804966

2 точка: широта 42.331087 // долгота 69.804439

3 точка: широта 42.332347 // долгота 69.804956

4 точка: широта 42.332123 // долгота 69.806585

Дата обсуждения: 10.04.2026 г., ч.12:00.

Место обсуждения: г. Шымкент, Каратауский район, квартал 243, здание 133, Административное здание ТОО «Компания Р.Э.Т.».

Ссылка на онлайн-конференцию:

<https://us04web.zoom.us/j/4869529996?pwd=WjJFcj9GWG9GUvK3L09tMU9BR0ltQT09&omn=76297972397>

Идентификатор конференции: 486 952 9996, Код доступа: 777123

Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «Компания Р.Э.Т.»

БИН: 060640007504

Адрес: г. Шымкент, Каратауский район, квартал 243, здание 133.

Тел: 8 (776) 741 70 47

С пакетом проектной документации можно ознакомиться на Едином экологическом портале: <https://ndbecology.gov.kz/>

Разработчик: ТОО «Tumar Construction Group»

БИН: 211040021583

Адрес: г. Шымкент, Каратауский район, Майтобе 214.

Адрес эл.почта: tcg_21@mail.ru

Контактный тел: 8(776)7417047.

Редакция мекен-жайы: Шымкент қаласы, Ақпан батыр көшесі, 7. E-mail: kyzmet_kz@mail.ru



Меншік иесі:
«Қызмет Газеті» ЖШС

Директор:
Бейсенкүл НАРЫМБЕТОВА

Бас редактор:
Мақпал ҚҰРБАНҚЫЗЫ

Тілші:
Сейдалы ДҮЙСЕБАЙҰЛЫ
Әлия ӘУЕСБЕКОВА

Тарату бөлімі:
Дина ХАЙМЕТОВА
+7771 66 88 765,
+7775 650 27 75

Газет 2009 жылдың 29 мамырында ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде тіркеліп, мерзімді баспасөз басылымдарын есепке алу туралы №10166-Г куәлігі берілген.

Редакция авторлар мақаласына, жарнама мазмұнына жауап бермейді. Авторлар қолжазбасы өңделмейді және кері қайтарылмайды. «Қызмет» газетінде жарияланған материалдар мен суреттерді көшіріп немесе өндеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті. Газетте жарияланған жарнама мәтіні мен сапасына редакция жауап бермейді. Газеттің кейбір материалдары мен суреттері интернет желісінен алынған.

Газет жұма күндері шығады

Газет «M-press» ЖШС Баспа үйінде басылды. Шымкент қаласы, А.Байтұрсынов к-сі, 18-үй

Таралымы 3100 дана. Тапсырыс